

*Б. Джамбай, 2-курс
Ғылыми жетекші — Р. Ә. Ауланберген, мемлекеттік-құқықтық пәндер кафедрасының
оқытушысы, полиция майоры
(Қазақстан Республикасы ІІМ Алматы академиясы)*

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ШЕТЕЛ АЗАМАТТАРЫНЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖАҒДАЙЛАРЫ

Қазақстан Республикасының Конституциясының 12-бабының 4-тармағында шетелдіктер Конституцияда, заңдарда және халықаралық шарттарда өзгеше көзделмесе, Республика азаматтары үшін белгіленген құқықтар мен бостандықтарды пайдаланады, сондай-ақ міндеттерді атқарады деп жазылған.

Шетелдіктердің құқықтық жағдайы туралы айтпастан бұрын, ең алдымен, «шетелдіктер» деген сөзге анықтама берейік. Қазақстан Республикасының азаматтары емес және өзінің басқа мемлекеттің азаматтығына қатысты екендігінің дәлелі бар адамдар Қазақстан Республикасындағы шетелдіктер болып табылады. Шетелдіктер Қазақстан Республикасында *тұрақты тұруы* немесе *уақытша жүруі* мүмкін. Тұрақты тұруға Қазақстан Республикасының үкіметі белгіленген тәртіппен рұқсат және тұрақты тұру құқығына құжат алған шетелдіктер Қазақстан Республикасында тұрақты тұрушылар деп танылады. Қазақстан Республикасында өзгедей заңды негізде жүрген, сондай-ақ оларға қатысты Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексіне сәйкес ауыр немесе аса ауыр қылмыстар деп танылатын әрекеттер жасалуы салдарынан жәбірленуші деп танылған шетелдіктер Қазақстан Республикасында уақытша жүрген деп есептеледі. (Олар белгіленген тәртіппен тіркелуге және өздеріне белгіленген болу мерзімі өткен соң Қазақстан Республикасынан кетуге міндетті).

Бұған дейін айтып кеткеніміздей, Қазақстан Республикасының азаматтары мен шетел азаматтары бірдей құқықтар мен бостандықтарды пайдаланып, сондай-ақ міндеттер атқарғанымен, олардың құқықтық жағдайларында өзгешеліктер бар. Мысалға, Қазақстан Республикасының азаматтарына тән, заң мен сот алдындағы теңдік, өмір сүруге құқық, жеке бас бостандығы, қадір-қасиетіне қол сұғылмаушылық және т.с.с. жеке құқықтарға шетелдіктер де ие бола алады. Бірақ заңда көрсетілген негіздері бойынша, кей жағдайларда шетелдіктер Қазақстан Республикасының шегінен қуылуы мүмкін, ал Қазақстан Республикасының азаматтарын ешқандай жағдайда да Қазақстаннан тыс жерлерге аластауға болмайды. Саяси құқықтарын қарастыратын болсақ, Қазақстан Республикасындағы шетелдіктер өкілді және басқа сайланбалы мемлекеттік органдарға және қызметке сайлай да, сайлана да алмайды, сондай-ақ республикалық референдумдарда қатыса алмайды (19-бап). Әлеуметтік құқықтарын қарастыратын болсақ, Қазақстан Республикасының азаматтары мен тұрақты тұратын шетел азаматтарының құқықтары тең дәрежеде екенін көреміз. Қазақстан Республикасының азаматтары мен тұрақтары тұратын шетелдіктердің экономикалық құқықтары ұқсас. Шетелдіктер жекелеген қызмет орындарында тағайындала алмайды немесе еңбек қызметінің белгілі бір түрімен, егер бұл қызмет орындарына тағайындау немесе осындай қызмет түрімен шұғылданду Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес? Қазақстан Республикасының азаматтығына қатыстылығына байланысты болса, шұғылдана алмайды.

Шетелдіктердің Қазақстан Республикасына келуі? шетелдіктердің жарамды паспорт пен оны алмастыратын құжаттары мен Қазақстан Республикасының келу визасы болған жағдайда заңда көрсетілгендей жүргізіледі.

Шетелдіктерге мемлекеттік қауіпсіздікті қамтамасыз ету, қоғамдық тәртіпті немесе халықтың денсаулығын сақтау мүдделеріне орай және т.б. жағдайларда келуге тыйым салынуы мүмкін. Бұрын Қазақстан Республикасынан шығарып жіберілген шетелдіктерге шығарып жіберу туралы шешім шығарылған күннен бастап бес жыл бойы Қазақстан Республикасына келуге тыйым салынады.

Шетелдіктер қолданыстағы шетелдік паспорттар немесе Қазақстан Республикасының бұған уәкілдік алған мемлекеттік органдары берген кету визалары болған жағдайда сол паспорттарды алмастыратын құжаттар бойынша, егер тиісті елмен жасалған келісімде өзгеше

тәртіп белгіленбесе, Қазақстан Республикасынан кетеді. Егер шетелдікті қылмыстық жауапкершілікке тарту үшін негіздер болса істі жүргізу аяқталғанға дейін, және басқа да заңда көрсетілген негіздерге сәйкес істің мән-жайын ашылғанша шетелдікке кетуге тыйым салынады.

Қазақстан Республикасының аумағында жүрген шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар, егер Қазақстан Республикасының заңдарында және халықаралық шарттарда өзгеше көзделмесе, денсаулық сақтау саласында азаматтар үшін белгіленген құқықтар мен бостандықтарды пайдаланады, сондай-ақ міндеттілікте болады.

Қазақстан Республикасында уақытша жүрген Шетелдіктер Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау органы белгілеген тәртіппен дәрігерлік көмек көрсетіледі.

Шетелдіктер Қазақстан Республикасының шетелдіктердің болуына рұқсат етілген аумағында еркін жүріп-тұра алады және Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіпке сәйкес тұрғылықты жер таңдаудағы шектеулер, бұл мемлекеттік қауіпсіздікті қамтамасыз ету, қоғамдық тәртіпті, халықтың денсаулығы мен адамгершілігін сақтау, Қазақстан Республикасының азаматтары мен басқа да адамдардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау үшін қажет болғанда Қазақстан Республикасының бұған уәкілеттік берілген органдарының актілерімен белгіленеді.

